

**Қазақстан Республикасы әскери прокуратура органдарының тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге ақшалай өтемақы алуға құқығы бар әскери қызметшілері, қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 шілде N 1127. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.29. N 593 қаулысымен. ~ P020593

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңының 12 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы әскери прокуратура

органдарының тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге ақшалай өтемақы алуға құқығы бар әскери қызметшілері, қызметкерлері лауазымдарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 1999 жылдың 1 сәуірінен қолдануға енгізіледі және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 26 шілдедегі  
N 1127 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы әскери прокуратура органдарының  
тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді  
төлеуге ақшалай өтемақы алуға құқығы бар әскери  
қызметшілері, қызметкерлері лауазымдарының  
Тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуроры мен оның орынбасарлары
2. Бас әскери прокуратура басқармаларының, бөлімдерінің бастықтары, Бас әскери прокурордың аға көмекшілері
3. Бас әскери прокуратура басқармалары мен бөлімдері бастықтарының орынбасарлары
4. Бас әскери прокуратураның аға әскери прокурорлары мен әскери прокурорлары
5. Бас әскери прокуратура басқармалары мен бөлімдерінің бас мамандары
6. Гарнизонның (әскерлердің) әскери прокурорлары мен олардың орынбасарлары
7. Гарнизондардың (әскерлердің) әскери прокурорларының аға көмекшілері мен көмекшілері

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.